

Ногаева Н.М.¹, Аймханова Г.К.¹

¹УО «Alikhan Bokeikhan University»

Қазақстан, Семей

e-mail: nurbanu.makash@mail.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Аннотация

Қазіргі қоғамда көптеген мемлекеттерде сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын-алу өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігі қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлықпен күресте жетістікке жеткен таза мемлекеттердің тәжірибелерін қолданумен байланысты. Мақалада Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға талдау жасалынды. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін көзделген құқықтық жауапкершілік түрлеріне анықтама берілді.

Негізгі сөздер: алдын алу, жемқорлық, заңдық жауапкершілік, әкімшілік жауапкершілік, қылмыстық жауапкершілік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет

Ногаева Н.М.¹, Аймханова Г.К.¹

¹УО «Alikhan Bokeikhan University»

Қазақстан, Семей

e-mail: nurbanu.makash@mail.ru

Предупреждение коррупции и правовая ответственность

Аннотация

В современном обществе предотвращение и предупреждение коррупции во многих государствах является одним из актуальных вопросов. Актуальность данного вопроса связана с применением опыта чистых государств, которые в настоящее время добились успехов в борьбе с коррупцией. В статье проанализирована проводимая работа по предотвращению коррупции в Республике Казахстан. Даны разъяснения по видам правовой ответственности, предусмотренным за коррупционные действия.

Ключевые слова: предупреждение, коррупция, юридическая ответственность, административная ответственность, уголовная ответственность, антикоррупционная культура

Nogaeva N.M.¹, Aimkhanova G.K.¹

¹Educational Institution «Alikhan Bokeikhan University»

Kazakhstan, Semey

e-mail: nurbanu.makash@mail.ru

Prevention of corruption and legal responsibility

Annotation

In modern society, the prevention and prevention of corruption in many states is one of the pressing issues. The relevance of this issue is related to the application of the experience of clean states, which have currently achieved success in the fight against corruption. The article analyzes the ongoing work to prevent corruption in the Republic of Kazakhstan. Explanations are given on the types of legal liability provided for corrupt acts.

Key words: warning, corruption, legal liability, administrative liability, criminal liability, anti-corruption culture

Қазақстан Республикасындағы өзекті әрі күрделі мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлықпен күресу болып табылады.

Мемлекеттің, жалпы қоғамның дамуына кедергі келтіретін жемқорлық үлкен қасірет. Бұл дертпен күресуде әлем бойын-ша озық

тәжірибе көрсеткен елдер бар. Сыбайлас жемқорлық ең аз елдер қатарына Швейцария, Канада, Швеция, Аустралия сияқты мемлекеттер. Қазіргі күні Сингапурдың тәжірибелері көп мемлекеттерде қолданылып келеді [1].

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күресу бағытында стратегиялық бағыт ол жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру екені айқын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған стратегияда мемлекет пен қоғамды жұмылдыруда негізгі мынадай мақсаттар қойылды.

Біріншіден, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту. Бұл бағытта шыныменде электрондық үкіметтің қалыптасуы, цифровизацияның дамуы дұрыс жолға қойылды.

Екіншіден, қоғамның мемлекеттік билік институттарына сенімі, қазіргі уақытта халық тікелей билік институттарымен байланыс жасай алады, мүмкіндіктер берілген, жан-жақты байланыс қарастырылған.

Үшіншіден, халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейі, яғни құқықтық сауаттылықты арттыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Бұл бағытта да барлық мемлекеттік қызмет саласында да жеке жұмыс секторларында да қызметкерлерге қатаң талаптар қойылды [2]. 2015 жылы 23- қарашада Мемлекеттік қызмет туралы заң қабылданды мұнда мындай қағидаттарға заңдылық, Қазақстандық патриотизм, биліктің біртұтастығы, азаматтар құқықтары, мемлекет мүдделерінің басымдығы, мемлекеттік органдар қызметіндегі тиімділік, нәтижелілік, ашықтық, азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығы, еріктілігі, кәсібилігі, меритократия, мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі, жеке жауаптылығы, әдептілік, құқық бұзушылықтарға төзбеушілік, жариялылық, мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың практикалық бағдарлануы қағидаттарына негізделеді [3].

2015-2025 жылдарға арналған

стратегия бойынша жемқорлықты алдын алу бағытында мынадай міндеттер қойылған болатын. Бірінші міндет мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл болып табылды. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметке арнаулы тестілеуден өткен, ашық конкурстар арқылы мамандар іріктеледі.

Екінші міндет қоғамдық бақылау институттарын енгізу болатын. Қоғамдық бақылау демократияның базалық элементі, қоғамның жетілуіне зор үлес қосады. Қоғамдық ұйымдарға сәси париялар, кәсіподақтар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік қызметтер мен жергілікті басқаруды бақылауды жүзеге асратын қоғамдық кеңестер, сайлау кезіндегі бақылаушылар жатады. Қазіргі күні ауылдық, аймақтық жерлердегі әкім сайлауларының әділетті жүзеге асуына қоғамдық бақылаушылардың да үлесі бар деп айтуға негіз бар [2].

Үшінші міндет квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру болды. Жеке секторда сыбайлас жемқорлықтың дамуына жол бермеу үшін жемқорлыққа жағдай туғызатын жолдарды жабу бағытында жұмыстар ұсынылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес аймақтарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық оқытулар, семинар сабақтары ұйымдастырылып өткізіліп келеді. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау бағытында бұқаралық ақпарат құралдары, фейсбук, инстаграм желі-лерінде де көптеген ақпараттар беріліп, ашық қоғам құру бағытында да іс шаралар атқарылып жатыр

Төртінші міндет соттар мен құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Сот ісін жүргізу жеделдігін арттыру, оңайлату, ашықтығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.

Бесінші міндет сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Бұл адамның сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттілікті қалыптастыруда парасаттылық идеологиясы маңызды.

Алтыншы міндет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту [4].

Қазақстанның халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі ретіндегі тиімді сыртқы саяси қызметі біздің еліміздің халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы процестерге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, оның ішінде БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына, осы саладағы басқа да құжаттарға қосылуы соның нәтижесі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы үздік практиканы пайдалануға ынталандырады, екінші жағынан – шетелдермен ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Біздің мемлекет өзара құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді экстрадициялау және активтерді қайтару бойынша бірқатар келісімдер жасады[5]

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық

негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексте көзделген. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 676 баптан- бастап 681- бапқа дейін сыбайлас жемқорлық ікімшілік құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілік белгілейді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚК) сыбайлас жемқорлық қылмыстарға 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер жатады[6].

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы

үйлестіру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері және лауазымды тұлғалар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Қоғам мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы тиімді іске асырылып жатыр. Қазақстандағы сәулет-құрылыс қызметін реттейтін 2,5 мыңнан астам құжат бар. Бұл жүйе әбден қағаз бастылыққа көмілген. Жемқорлық аз емес. Ескі құрылыс стандарттары мен нормалары әлі де қолданылады. Сондықтан, Үкіметке мүлдем жаңа құжат – Қала құрылысы кодексін қабылдауды тапсырамын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сыбайлас жемқорлық аз елдер: Қазақстан нешінші орында тұр? <https://informburo.kz/kaz/newskaz/sybailas-zemqorlyq-az-elder-qazaqstan-nesinsi-orynda-tur><https://informburo.kz/kaz/newskaz/sybailas-zemqorlyq-az-elder-qazaqstan-nesinsi-orynda-tur>
2. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы ҚР 2014 жылғы 26-желтоқсан
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.
4. Омаров, Е.А. Анализ причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений / Е.А. Омаров // Правовой научно-практический журнал «Заң және заман». - 2018. - №6(210). - С. 23-25.
5. MacWilliam, S. From development and grand corruption to governance [Electronic resource] / S. MacWilliam, M. Rafferty // International Journal for Crime, Justice and Social Democracy. – 2017. - 6(4). – P. 12-28. - Access mode: <https://www.crimejusticejournal.com/article/view/881> (Access data: 04.04.2021).
6. Қ Р қылмыстық кодексі 2014 ж 3-шілде

References

1. Sybajlas zhemqorlyq az elder: Qazaqstan neshinshi orynda tyr? <https://informburo.kz/kaz/newskaz/sybailas-zemqorlyq-az-elder-qazaqstan-nesinsi-orynda-tur><https://informburo.kz/kaz/newskaz/sybailas-zemqorlyq-az-elder-qazaqstan-nesinsi-orynda-tur>
2. Qazaqstan Respublikasynuң 2015-2025 zhyldarға арналған sybajlas zhemqorlyққа қарсы strategijasy туралы ҚР 2014 zhylyғы 26-zheltoқсан
3. Qazaqstan Respublikasynuң memlekettik қызметі туралы Qazaqstan Respublikasynuң Заңу 2015 zhylyғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.
4. Omarov, E.A. Analiz prichin i uslovij, sposobstvujushhih soversheniju korrupcionnyh pravonarushenij / E.A. Omarov // Pravovoj nauchno-prakticheskij zhurnal «Заң және заман». - 2018. - №6(210). - S. 23-25.
5. MacWilliam, S. From development and grand corruption to governance [Electronic resource] / S. MacWilliam, M. Rafferty // International Journal for Crime, Justice and Social Democracy. – 2017. - 6(4). – P. 12-28. - Access mode: <https://www.crimejusticejournal.com/article/view/881> (Access data: 04.04.2021).
6. Қ Р қылмыстық кодексі 2014 ж 3-шілде

Сведения об авторах

Ногаева Нурбану Макашевна

Должность: магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных наук, AlikhanBokeikhan University

Почтовый адрес: 071400-071417, Республика Казахстан, г. Семей, улица Глинка 34, кв 36

Сот. тел: 7 778 937 77 09

E-mail: nurbanu.makash@mail.ru

Аймханова Гульмира Кырыкбаевна

Должность: магистр исторических наук, старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных наук, AlikhanBokeikhan University

Почтовый адрес: 071400-071417, Республика Казахстан, город Семей, улица Левоy Восточный 903

Сот. тел: 7 747 19989 51

E-mail: kyrybaevnagulmira@gmail.com

Авторлар туралы мәліметтер

Ногаева Нурбану Макашевна

Лауазымы: құқықтану ғылымдарының магистрі, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, AlikhanBokeikhan University

Пошталық мекен-жайы: 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Глинка көшесі 38, кв 36

Ұялы. Тел 778 937 7709

E-mail: nurbanu.makash@mail.ru

Аймханова Гульмира Кырыкбаевна

Лауазымы: тарих ғылымдарының магистрі, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, AlikhanBokeikhan University

Пошталық мекен-жайы: 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Левоy Восточный көшесі 903

Ұялы. Тел 747 19989 51

E-mail: kyrybaevnagulmira@gmail.com

Information about the author

Nogaeva Nurbanu Makashevna

Position: master of legal sciences , Senior Lecturer at the Department of Social Sciences and Humanities, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: 071400-071417, Republic of Kazakhstan, , Semey city, Glinka street 34, apt. 36

Mob.phone: 7778 937 7709 **E-mail:** nurbanu.makash@mail.ru

Aimkhanova Gulmira Kyrykbaevna

Position: master of historical sciences, Senior Lecturer at the Department of Social Sciences and Humanities, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: 071400-071417, Republic of Kazakhstan, Semey city, Levoy Vostochny 903 street 1

Mob.phone: 7 747 19989 51

E-mail: kyrybaevnagulmira@gmail.com